

## Жаңалық релизi

2026 жыл 4 наурыз сағат 12:00 ALMT (0700 UTC) дейiн жариялауға эмбарго

# FREEDOM HOLDING CORP. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАЛАРЫ БОЙЫНША PMI®

## Ақпанда iскери белсендiлiк тағы да төмендедi

**Белсендiлiк, жаңа тапсырыс пен жұмыспен қамту да қайта құлдырады**

**Баға қысымы бәсеңдегенiмен, жоғары қалпында**

**Искери сенiм өсе түстi**

Freedom Holding Corp. корпорациясы ұсынған PMI® 2026 жылғы алғашқы тоқсан ортасында Қазақстанның қызмет көрсету саласындағы белсендiлiк қайта төмендегенiн көрсеттi.

Бұл жолғы құлдырау жаңа тапсырыс санының қайта азаюы және iскери белсендiлiк қарқынының да баяулауымен сәйкес келдi. Бұған жауап ретiнде компаниялар қызметкер санын қысқартып, жылдың алғашқы айында жұмыс орындарының аздап ашыла бастау процесi керi кеттi.

Жаңа тапсырыстар санының азаюын компаниялар қаңтардағы ҚҚС-тың көтерiлгенiмен байланыстырады. Салдарынан, инфляция деңгейi алдыңғы айға қарағанда бәсеңдесе де, ақпанда ресурс құны мен өнiм бағасы одан әрi күрт қымбаттады.

Ақпанда әлсiреуi байқалса да, iскери сенiм соңғы рет желтоқсандағы төмен деңгейден бiршама қалыпқа келдi. Дегенмен, көңiл-күй салыстырмалы түрде әлi де бәсең.

Негiзгi көрсеткiш — Искери Белсендiлiк Индексi. Ол алдыңғы аймен салыстырғандағы iскери белсендiлiк ауқымындағы өзгерiстер туралы жалғыз сауалға берiлген жауап негiзiнде есептеледi. Индекс 0 мен 100 мән аралығында құбылады, 50-ден жоғары өсiмдi, ал 50-ден төмен мән құлдырауды бiлдiредi. Индекс маусымдық ауытқуларға қарай түзетiлiп отырады.

Freedom Holding Corp. ұсынған PMI iскери белсендiлiк индексi 2026 жылғы бiрiншi тоқсан ортасында 50,0 бейтарап мәнiнен төмен болды. Қаңтардағы 50,5 көрсеткiшiнен 48,0-ге түсу Қазақстан қызмет көрсету саласындағы iскери белсендiлiктiң бiршама қысқарғанын көрсеттi. Соңғы бес сауалнаманың төртеуiнде қысқару тiркелдi, ал бұл жолғысы 2023 жылғы ақпаннан бергi ең елеулiсi.

Қолда бар деректерге сәйкес, Қазақстан қызмет көрсету секторындағы өнiмнiң төмендеуiне негiзiнен жаңа тапсырыс санының азаюы ықпал еттi. Кей респонденттер клиенттердiң қаржыдан қысылуы белсендiлiктiң төмендеуiне түрткi болғанын атап өттi.

Жыл басында ҚҚС көтерiлуi салдарынан сұраныс әлсiрегенi туралы ақпарат аясында, 16 ай iшiнде алғаш рет ақпанда жаңа тапсырыс азайды. Төмендеу қарқыны мардымсыз әрi iскери белсендiлiктiң төмендеу деңгейiмен қарайлас болды. Iс жүзiнде, жаңа тапсырыстар санының қысқаруы соңғы төрт жылдағы ең елеулiсi едi.

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы қызмет көрсету салалары бойынша PMI

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)



Дерек 2026 ж. 10-24 Ақпан аралығында жиналған.

Дереккөз: Freedom Holding Corp. S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.

### Пiкiр

Ерлан Әбдiкәримов, Freedom Finance Global PLC (Freedom Holding Corp. 100% еншiлесi) Қаржылық талдау департаментiнiң директоры:

"Қазақстанның қызмет көрсету саласы ақпан айында соңғы төрт жылдағы сұраныстың ең күрт төмендеуiн тiркедi. Қаңтарда сала бастапқы салықтық шокты маржаның қысқаруы есебiнен еңсеруге тырысқан болса, қазiргi уақытта жұмыспен қамтудың және iскерлiк белсендiлiктiң төмендеуi бұл iшкi резервтiң сарқылып келе жатқанын аңғартады. Жалпы инфляцияның бiршама баяулауына қарамастан, баға қысымы әлi де жоғары деңгейде сақталуда – 2026 жылы өткiзу және сатып алу бағалары өсiмiнiң қарқынды арасындағы терiс айырма алдыңғы екi жылдың орташа деңгейiмен салыстырғанда үш еседен астам ұлғайды. Бұл әлсiз сұраныс жағдайында маржаға түсетiн қысымның күшейiп келе жатқанын көрсетедi. Сонымен қатар, алдағы 12 айға арналған iскерлiк күтулер қалыпты оң серпiн көрсетiп отыр, бұл компаниялардың жаңа фискалдык ортаға бейiмделуi аясында тұрақтану мүмкiндiгiне қатысты сақ оптимизмге негiз бередi."

Қызмет көрсету саласындағы белсенділік пен жаңа бизнес қайта қысқарғандықтан, осыған дейінгі аз да болса жаңа жұмыс орнын ашу талпынысынан кейін, Қазақстандағы қызмет көрсетушілер қызметкерлер санын қысқартты. Маусымдық түзету енгізілген тиісті индекс соңғы алты сауалнама кезеңінің бесеуінде 50,0-ден төмен болды. Жұмыспен қамтуды қысқарту қарқыны айтарлықтай болған жоқ.

Баға тұрғысынан, қаңтарда Қазақстанда ресурс құны (серия тарихындағы ең жылдам өсімдердің бірі) және қызмет көрсету ақысының қымбаттауы рекорд орнатқан соң, ақпанда инфляция қарқыны сәл бәсеңдеді. Алайда ҚҚС көтерілуі шығын мен бағаға әлі де әсер етуін жалғастырды. Ресурс құны 2022 жылғы қыркүйектен бері екінші рет ең жылдам қарқынмен өсті, ал өнім бағасының қымбаттауы екінші рет рекордтық көрсеткішке жетті.

Келер жылғы іскери белсенділікке қатысты үміт ақпанда аздап күшейді, желтоқсанда ең төменгі деңгейге түскен еді. Қазақ қызмет көрсетушілері сұраныс артады деген үмітпен оған инвестициялық жоспар, жаңа жобаларды іске қосу, клиенттер базасын арттыру ықпал етеді деп күтеді. Көңіл-күй соңғы үш айдағы ең жоғары деңгейде, алайда тарихи стандарттан әлсіз болды.

## FREEDOM HOLDING CORP. ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША АРАЛАС PMI

**Ақпанда Қазақстан жеке секторындағы өндіріс көлемі төрт жылдан астам уақыттағы ең жоғары қарқынмен төмендеді.**

Қазақстан Аралас PMI Өндіріс Индексі Қаңтардағы 49,7 мәнінен 47,2-ге дейін төмендеп, өндіріс көлемінің айтарлықтай қысқарғанын көрсетті. Бұл 2022 жылдың басынан бергі ең ірі құлдырау. Сала деректеріне сәйкес, өңдеу өнеркәсібі өндірісінің терең және күрт қысқаруы қызмет көрсету саласындағы белсенділіктің де қайта төмендеуімен қатар жүрді.


Ақпанда жаңа бизнес көлемі екі жыл ішінде алғаш рет төмендеді. Төмендеу қарқыны айтарлықтай әрі екі сектордың да қысқару қарқыны шамалас болды.

Қаңтарда жұмыспен қамту қысқа әрі мардымсыз өскен соң, ақпанда қайта қысқарды. Соңғы сегіз айдың жетеуінде жұмыс орындары қысқарғаны байқалды.

ҚҚС-тың көтерілуі әсерінен туындаған инфляция қысымы ай ішінде біраз бәсеңдеді. Дегенмен ресурс құны мен дайын өнім бағасының инфляция қарқыны өзінің ұзақ мерзімді орташа көрсеткіштен жоғары қалыптасты.


Өндіріс пен жаңа тапсырыстар саны ақпанда төмендегеніне қарамастан, жеке сектордағы сенім нығая түсті. Оптимизм тарихи орташа көрсеткіштен әлі де төмен болса да, соңғы төрт айдағы ең жоғары деңгейге жетті.

■ PMI Ресурс бағасы ■ Баға белгілеу бойынша PMI  
Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда инфляция



Дереккөз: Freedom Holding Corp, S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.

■ Қазақстан бойынша аралас PMI ■ Жалпы ішкі өнім (GDP)  
Өндірістік индекс, маус.түзету, >50 = өткен айға қарағанда өскен % ж/ж



Дереккөз: Freedom Holding Corp, S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.

## Байланысушы тұлға

Ерлан Әдбікәрімов  
Қаржылық талдау  
департаментінің директоры  
Freedom Finance Global PLC  
[Yerlan.abdikarimov@ffin.kz](mailto:Yerlan.abdikarimov@ffin.kz)  
Freedom Holding Corp

Қоғаммен байланыс  
департаменті  
Freedom Finance Global PLC  
[pr@ffin.kz](mailto:pr@ffin.kz)  
Freedom Holding Corp

Марьям Балуч  
Экономист  
S&P Global Market Intelligence  
T: +44 (0) 1344 327 213  
[maryam.baluch@spglobal.com](mailto:maryam.baluch@spglobal.com)

Ханна Брук  
ЕМА елдері бойынша  
коммуникация менеджері  
S&P Global Market Intelligence  
T: +44 7483 439 812  
[hannah.brook@spglobal.com](mailto:hannah.brook@spglobal.com)  
[press.mi@spglobal.com](mailto:press.mi@spglobal.com)

Егер S&P Global жаңалықтар релизін алғыңыз келмесе [press.mi@spglobal.com](mailto:press.mi@spglobal.com) поштасына хабарлаңыз. Біздің құпиялық саясатымыз туралы [осы тұстан](#) оқыңыз.

## Әдістеме

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы қызмет көрсету салалары бойынша PMI® 250 жуық өндіруші компанияның сату жөніндегі менеджерлеріне жіберген сауалнамаға берілген жауаптар негізінде S&P Global әзірлеген.

Қамтылған салалар арасында тұтыну (бөлшек саудадан басқа), көлік, ақпарат, коммуникация, қаржы, сақтандыру, жылжымайтын мүлік және бизнес қызметтер бар. Бұл панел ЖІӨ-дегі үлесіне қарай нақты салалар мен компанияның жұмыс күшінің ауқымы бойынша жіктелген. Дерек жинау 2019 ж. наурыз айынан басталды.

Сауалнама жауаптары әр айдың екінші жартысында жиналады және оның алдындағы аймен салыстырғандағы өзгеріс бағытын көрсетеді. Таралу индексі әр сауалнама айнымалысы үшін есептеледі. Индекс - «жоғары» жауаптар пайызының қосындысы және «өзгермеген» жауаптар пайызының жартысы. Индекс 0 мен 100 аралығында құбылады, 50-ден жоғары мән алдыңғы аймен салыстырғандағы жалпы өсімді, 50-ден төмен жалпы қысқаруды білдіреді. Индекс маусымға қарай түзетіліп отырады.

Негізгі көрсеткіш қызмет көрсету саласындағы іскери белсенділік. Бұл алдыңғы аймен салыстырғанда іскерлік белсенділік ауқымының өзгерісі жайлы сауалға сүйеніп есептелетін таралу индексі. Қызмет көрсету саласындағы іскери белсенділік индексі өндірістегі өнім өндіру индексімен пара-пар. Ол «Қызмет көрсету бойынша PMI» аталғанымен өнім өндіру бойынша PMI негізгі көрсеткіштерімен пара-пар бола алмайды.

Аралас Өндірістік Индекс- Өндірістегі өнім өндіру индексі мен Қызмет көрсету саласындағы іскери белсенділік индексінің орташа мәні. Мәндер ресми ЖІӨ деректеріне сәйкес өнім өндіру және қызмет көрсету секторларындағы салыстырмалы ауқымды көрсетеді. Аралас Өндірістік Индекс «Аралас PMI» деп аталғанымен өнім өндіру бойынша PMI негізгі көрсеткіштерімен пара-пар бола алмайды.

Базалық сауалнама деректері жарияланған соң қайта қаралмайды, бірақ маусымдық түзету факторлары қажет кезде қайта қаралуы мүмкін, бұл маусымға орай түзетілген кейбір деректерге ықпал етеді.

PMI сауалнама әдістемесі туралы толық ақпарат алу үшін [economics@spglobal.com](mailto:economics@spglobal.com) поштасына жазыңыз.

## Ескерту

Осы құжаттағы мәліметтердің зияткерлік меншігі не лицензиясы S&P Global және/немесе оның еншілес компанияларына тиесілі. S&P Global алдын-ала жазбаша мақұлдаспа деректі кез-келген түрде рұқсатсыз қолдану, оның ішінде есепсіз көшіру не басқаша пайдалануға тиым салынады. S&P Global осы құжатта баяндалған мазмұн немесе ақпарат («Деректер»), Деректердегі кез келген қателік, шатасу, олқылық немесе кідірістерге қатысты және соларға сүйеніп жасалған әрекеттерге қатысты ешқандай жауапкершілік, міндеттеме немесе жүктеме алмайды. S&P Global Деректі қолданудан туған кез-келген арнайы, кездейсоқ немесе жанама шығындар үшін жауап бермейді. Сату менеджерлерінің индексі™ және PMI® сауда белгісі - S&P Global Inc тіркеген немесе S&P Global Inc және оның еншілестері лицензияланған сауда белгісі.

Бұл контентті S&P Global Ratings емес S&P Global Market Intelligence жариялады және алдыңғы аталған ұйым S&P Global құрамындағы жеке құрылым. Тиісті тараптан алдын-ала жазбаша рұқсат алмаған жағдайда рейтингді қоса («Контент») ақпаратты, дерек пен материалды көшіріп басуға тиім салынады. Сол тарап, оның еншілестері мен жеткізушілері («Контент жеткізушілер») кез-келген Контенттің нақтылығы, адекваттылығы, толыққандылығы, уақтылы болуы, оған қол жеткізілуіне кепілдік бермейді және (салғырттық немесе басқа) себебіне қарамастан кез-келген қателік немесе мүлт кетуге, осындай Контентті қолданудан туған нәтижеге жауап бермейді. Контент ұсынушылар ақпаратты кез-келген қолданудан туындаған (кірісті немесе пайданы жоғалту және балама шығындарды қоса алғанда) кез келген залал, шығын, зиян, сот алымдары немесе қаржылай шығыстар үшін жауапкершілік алмайды.

## Freedom Holding Corp.

Freedom Holding Corp. әртарапандырылған қаржылық қызмет көрсететін компания, брокерлік қызметпен, бағалы қағаздар саудасымен, инвестициялық зерттеулермен және консультация берумен, инвестициялық банктік және андеррайтингтік қызметтермен, ипотекамен, сақтандырумен, телекоммуникациямен, әуе билеттері мен мәдени және спорттық іс-шараларға билеттерді онлайн сатумен айналысады, онлайн супермаркет қызметтерін және басқаларын ұсынады.

Freedom Holding Corp. компаниясының еншілес компанияларын ескере отырып, 11,3 мыңнан астам қызметкері бар.

Холдингтің бөлімшелері мен еншілес компаниялары Қазақстан, АҚШ, Кипр, Польша, Испания, Өзбекстан, Өзірбайжан және басқаларын қоса алғанда 21 елде орналасқан.

Freedom Holding Corp. компаниясының жай акциялары АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясында тіркелген және Nasdaq Capital Market-те FRHC тикерімен саудаланады.

[www.freedomholdingcorp.com](http://www.freedomholdingcorp.com)

## S&P Global

Негізгі ақпаратты жеткізуші S&P Global (NYSE: SPGI). Үкімет, компаниялар және жеке тұлғалар сенімді шешім қабылдауы үшін, біз оларға қажет нақты деректер, тәжірибе және жүйеленген технология ұсынамыз. Клиенттердің жаңа инвестицияларды бағалауына көмектесіп, оларға ESG мәселесі бойынша кеңес беріп, жеткізу тізбегіндегі энергияның жаңа көзіне ауысуына ықпал ету арқылы біз жаңа мүмкіндіктер ашамыз, мәселелерді шешіп, бүкіл әлемдік прогресті тездетеміз.

Әлемдегі көптеген жетекші компаниялар кредит рейтингін жасау, мақсатты көрсеткіштер, әлемдік капитал, шикізат және автокөлік нарығындағы еңбек ағынын басқару әрі талдау мақсатында бізге жүгінеді. Әр ұсыныс арқылы біз әлемдегі жетекші ұйымдардың болашағын бүгін болжуына көмектесеміз.

[www.spglobal.com](http://www.spglobal.com)

## S&P Global ұсынған PMI

Сату менеджерлері индексі™ (PMI®) сауалнамалары қазір 40 астам мемлекетте, оған Еуроаймақты қоса отырып, маңызды өңірлерде жүргізіледі. Бұл аса мұқият зерделенетін әлемдік бизнес сауалнама, ол уақтылы, дәл және әдетте ай сайынғы экономикалық трендтердің айрықша индикаторы болатын деректерді ұсынатындықтан, орталық банктер, қаржы нарықтары, бизнестегі шешім қабылдаушы тұлғалар арасында танымал.

[www.spglobal.com/marketintelligence/en/mi/products/pmi](http://www.spglobal.com/marketintelligence/en/mi/products/pmi)